

Қуандық ЕРАЛИН, Зайым ӨМЕРОҒЛЫ

КІЛЕМ ӨНЕРІНДЕГІ ОЮ-ӨРНЕКТЕРДІҢ  
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*В статье исследуются виды и особенности орнаментов в ковроткачестве тюркских народов, особенно у казахского народа.* | *Makalede halıcılıktaki motifler, çeşitleri ve Türk ulusları, özellikle, Kazak ulusuna ait uygulanış hususiyetleri incelenir.*

Қолөнер шеберлерін, суретшілер мен сәнгерлерді ұлттық рухты тәрбиелеуде ою-өрнектің атқаратын ролі өте зор. Қазақ ою-өрнегінің өзіне тән даму жолы мен тарихы бар. Ою-өрнектің шығу тарихы сонау ерте заманнан ежелгі ата-бабаларымыз сақтардың мәдениетінде көптеп бейнеленеді. Халқымыздың қай қолөнер саласын алсақ та, ою-өрнектер өзіндік ерекшелігін сақтай отырып, белгілі тәртіппен орналасқанын байқау қиын емес. Қазақ кілем өнеріндегі ою-өрнектерді зерттеулер нәтижесінде қазақ қолөнер кәсібіндегі шығармаларда ою-өрнектердің түрі көп болғаны байқалады. Оларды 6 топқа бөлуге болады.

1. Сызық (геометриялық) бейнелі нақыштар.
2. Өсімдік бейнелі нақыштар.
3. Аң негізіндегі нақыштар (зооморфологиялық және ертегі бейнелі мотивтегі нақыштар.)
4. Космологиялық (көк жүзі – ғарыш, әлем бейнесі мазмұнына арналған нақыштар) бейнелі нақыштар.
5. Гүл бейнелі жазулардан дайындалған ою-өрнектер.
6. Таңба және рәміз (символика) мазмұнды безендірулер.

Қазақ ою-өрнектері аясында орындалған ғылыми зерттеулер көрсетіп отырғандай, ою-өрнектердің бір түрі (жай, күрделі құрамды, төрт бұрышты, шеңбер және т.б.) өте көнеден жеткен, олар дәстүрлік маңызға ие болып, қазірге дейін өнер шығармаларында жиі-жиі қолданып келе жатқан геометриялық немесе сызықтық ою-өрнектер.

Кейбір сызық нақыштар ұзақ уақыттар бойы алғашқы адамдар арасында алдымен түсінік жазу (идеография) түрінде болды. Көне замандарда сұлбалық (схемалық), шарттылық ыңғайында қолданылған ою-өрнектердің қарқынды дамуы алдымен нақты ғалымдардың геометрияның, алгебраның, арифметиканың және т.б. ғылым саласының жалпы дамуымен байланысты болған.

Сызба бейнелі нақыштың әр қилы түрлері қолға алынып, сарапталғанында құпиясы ашыла бермек. Бұл нақыштардың қолданылмайтын орны жоқ. Сызбалы ою-өрнек негізі және бастау атаулары да геометриялық пішіндерден алған.

Өсімдік ою-өрнектері қазақ кілем өнерінің келбетінде кеңінен

таралған нақыш түрлерінің бірі. Бұл өрнектер қазақ халқының табиғаты, топырақ, өсімдік, табиғат, дала көріністерімен тығыз байланыста болғанын көрсетеді. Гүл және жапырақ ою-өрнектері әр қилы кілемдер бетін әшекейлеуде кеңінен қолданылған.

Симметриялық қалыпта дайындалған, өсімдік ою-өрнектерінің ең басты ерекшелігі – олардың беттеріне салынған гүл – күлтелері және жапырақтар. Бұлар – ұлттық қазақ өнерінде дәстүрге айналған құбылыстар.

Өсімдік тектес өрнектер кілемдермен қатар жүн қалылар, қамзолдар, бешпент, шапан, аяққап, текемет, сырмақ, білезік және т.б. бұйымдардың беттеріне қолданылады.

Далада дамыған аң бейнесінің Орта Еуропа және алдыңғы Азияға дейін таралуы және ұзақ дәуірлерге созылып сақталуының мәні бар. Нежат Диарбекирменің «Ғұн өнері» кітабында да, Ж.Фразер мырзаның үлкен еңбегі «Алты бұтақта» да аң бейнесінің алғашқыда кейбір сүйектермен бірге қолданыла бастағаны жазылған.

Түркі халықтарының тотемдік нанымдарында тәңірлік аң – бұғы, аққу және өгізді құт деп есептейді. Қазақ кілемдерінде жиі байқалатын қошқар мүйізді ою-өрнектер ғасырлар бойы түркі тайпалары тарапынан қалы кілем, киіз және т.б. төсеніштер мен жаймаларда кеңінен қолданылған.

Космологиялық (аспан әлемімен байланысты) нақыштар қазақтардың мәдениетінің өте ерте дәуірлерден басталғандығын көрсетеді. Бұл ою-өрнектердің негізі ғарыш, аспан, күн, ай, жұлдыз барлық кеңістік пішіндерін көрсетеді.

Ғарыш әлемімен байланысты ою-өрнектердің кең қолданысқа түсу себебі халықтың бұл әлемге сенімінің күшті болғанын көрсетеді. Халық күн жүйесіндегі бейнелерге қарай пішін мен атау беріп, ғарыш әлемімен байланысты ою-өрнектерді дүниеге әкелген. Қазақ кілемдерінде кеңінен таралып, қолданылатын бұл өрнектерге кемпірқосақ, күн көзі, күн сәулесі, күннің шығуы, батуы, ай бейнесі, жұлдыз сияқты аттар берілген.

Қазақстанның өнер шығармаларында көнеден бері басталып, бүгінге жеткен әр қилы пішіндегі және сюжетті жазбаларды кездестіруге болады. Өнер жазбаларының беттерінде берілген жазулар әрбір заманның безендіру элементтерімен тығыз байланысты, олармен бірге қолданылғанын айта кету керек. Қазақстанның Жамбыл аймағындағы Қордай тауларында табылған ғұн дәуіріне тән жазулар, жартастар бетінде қашалған аң бейнесінің сызбалары арасында ең көне түркі жазулары кездесіп отырады. IV-V ғасырларда есік қорғандарынан табылған алтын киімді адамның мазары көптеген жаңалықтарға себеп болды. Бұған қоса, аталған мазардан табылған төрт мың алтын бұйымның жанында күміс бұйымдар да табылған. Күміс тостағанша бетіне 26 әріптен тұратын көк түркі жазуы ойылып жазылған. Бұл бізге қазақ өнерінде жазулардың ою-өрнек тұрғысынан қаншалықты ұзақ мерзім бұрын қолданылғандығын көрсетеді. Мұндай бейнелер мен ою-өрнектер ежелгі қыпшақ кілемдерінде де кездеседі.

Қазіргі таңда Қазақстан өнер туындыларының беттерінде ою-өрнек

мазмұнында көптеген әсемдеу өрнектері мен рәміздер бар, олар өткен замандарда таңба және нақыштар болып қалыптасып, үлкен маңызға ие болған.

Дөнгелек, ұш бұрыш, крест және т.б. рәміздер бұйымдар туралы идеяны жарыққа шығармай тек олардың шын мағынасын көрсету мақсатында пайдаланылған.

Қазақстанның өнер шығармаларында ежелден бастау алып, бүгінге жеткен әр қилы пішіндегі сюжетті, ежелгі ел көріністерін бейнелейтін жазбалардан кездестіруге болады. Ежелгі өнерге жататын жартас беттерінде берілген жазулар әрбір заманның көркемдік ойымен тығыз байланысты және олармен бірге жүргізілгендігін айта кету керек.

Бұл жазу дәстүрі бүгінгі таңда қазақ өнеріндегі көркемдік элемент ретінде қолданылуда. Қазіргі кезде қыздардың жасауы үшін тоқылған және оларға сыйға берілген кілемдерде де бұл жазу ғұрпы сақталып келеді.

Бұл жазуларда анасы мен әкесінің тілегі мен сәлемдері, жасалу тарихы, баланың саны жазылады. Бұған қоса Қазақстанның Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи кешенін тұрғызғанда жазулардың безендіру элементтері ретінде қолданылғандығы баршаға аян.

Қазақ қолөнерінің негізгі арқауы ою-өрнек өнері екені даусыз. Өнер зерттеушісі В.Чепелов: “Қазақтар өрнек өлкесінде өмір сүретін секілді,, – деп жазғандай, өрнек байлығы шексіз де қолдану шеңбері шетсіз екендігін көрсетеді.

Кілем өнеріндегі қолданылатын ою, жайдан жай ойыла салған нәрсе емес, ол табиғат пен тұрмыстағы әдемі көріністерді астарлап, оны ою-өрнекке түсіру арқылы шебер өзінің дүниеге деген көзқарасын, философиялық ойын, эстетикалық сезімін білдіре алған. Әр ғасырда сансыз шеберлер өткен, солардың сұлу сезім, тапқыр ойымен өз ұрпағына қалдырған мұрасынан бізге келіп жеткен ең үздігі осы кілем бетіндегі ою-өрнек өнері.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ильев Г. Казахский орнамент. А., Өнер, 1989. 120 б.
2. Ғалымбаева А. (Сост. И.Рыбакова) А., Өнер, 1989. 143 б.
3. Джанибеков У. Культура казахского ремесла. А., 1982 Өнер, 1982. 284 б.
4. Ералин Қ. Қазақстан көркем мәдениетін зерттеу. Шымкент ХҚТУ, 1995. 32 б.
5. Парлак Т. Дәстүрлі қазақ қалы өнері және тіка арал аймағы қалы тоқу өнерін дамыту жобасы. Анкара, 2002. 340 б.
6. Марғұлан Ә. Қазақ қолөнері. А., Өнер, 1986. 368 б.
7. Ибраева К. Казахский орнамент. А., Өнер, 1994. 185 б.
8. Diyarbekirli N. Hun Sanati. Istanbul, 1972, shf. 187.

## RESUME

Eralin K., Zaiymogly O. (Turkestan)  
Features of ornaments in art carpet

In article it is investigated kinds and features of ornaments in Carpet of quality Turkic peoples, it is especial at Kazakh people.